

2023 жылғы 31 мамыр № 4

Педагогикалық кеңестің жоспардан тыс хаттамасынан үзінді

Қатысқандар: 38 педагог

Күн тәртібінде:

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі Бестөбе кентінің №1 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу.

Тыңдалды:

«Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі Бестөбе кентінің №1 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Мағзұмова К.Т.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақмола облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы С.Алтаевпен бекітілген 2022 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын Ақмола облысының білім беру ұйымдарының тізбесін оқып берді. Ұжымды «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығымен (жаңа редакцияда ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі №366 бұйрығымен) және білім беру ұйымдарын өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 әдістемелік ұсынымдармен таныстырды.

Өзін-өзі бағалау үшін комиссия құру қажет,оның мүшелері келесі бағыттар бойынша материалдар дайындайды:

1. Оқыту және білім беру, білім алушылардың жетістіктерін мониторингілеу, білім алушылардың білімін бағалау критерилеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау, білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар,пәндік-кеңістік дамытушы орта құру;
 2. Білім алушылар мен педагог кадрлардың жетістіктерінің сапалы құрамы және мониторингі,ата-ана сауалнамасын талдау;
 3. Ұйымда сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру,сабаққа қатысу мен білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
 4. Материалдық-техникалық база,негізгі құралдар.
- Комиссия құрамына кандидатуралар ұсынылып,бағалау бағыттары анықталды.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Мынадай құрамда білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия құралсын:

Төрайым Магзумова К.Т (мектеп басшысы)

Комиссия мүшелері: Камзина С.Т. (мектеп басшысының ОТЖ жөніндегі орынбасары)

Саттарова А.М. (мектеп басшысының ҒӘЖ жөніндегі орынбасары)

Мухаметжарова А.Б . (мектеп басшысының тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары)

Шахметов М.К . (мектеп басшысының шаруа ісі жөніндегі орынбасары)

2. Комиссия хатшысы болып: Камзина С.Т сайлансын.
3. Комиссия мүшелері 31.05.2023 жылы білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша есептерді дайындасын.

Бақылау: Магзумова К.Т

4. Комиссия 2023 жылғы 31 мамырдағы дейін білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын қорытындыласын.

Жауапты: Магзумова К.Т

Төрайым: Магзумова К.Т

Хатшы: Камзина С.Т

